

**Алматы экономика және статистика  
академиясы**



**Алматинская академия экономики  
и статистики**

**МАГИСТЕРЛІК ЖОБАНЫ ЖАЗУ, РӘСІМДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

( «6M050900-Қаржы» мамандығы магистранттарына арналған)

Алматы 2018

«6M050900- «Қаржы» мамандығы бойынша магистранттарға арналған магистрлік жобаны жазу, рәсімдеу және қорғау бойынша әдістемелік нұсқау- Алматы, Алматы экономика және статистика академиясы, 2018 ж.- 26 Бет.

**Құрастырғандар:** АЭСА «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі,  
э.ғ.д., профессор Бертаева К.Ж.  
АЭСА «Қаржы» кафедрасының доценті, Исахова А.С. – P.h.d.,



**Рецензенттер:** АЭСА «Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к.,  
Кожаметова М.К.  
АЭСА «Қаржы» кафедрасының доценті, э.ғ.к. Таипов Т.А .

АЭСА оқу әдістемелік кеңесінің отырысында мақұлданды, 2018 жыл «\_\_» \_\_\_\_\_,  
№\_\_ хаттама

**Оқу ісі жөніндегі проректор, ОМК төрайымы**



## Мазмұны

	Бет
1 Магистерлік жобаны дайындау, жазу және қорғау бойынша жалпы ережелер	4
2 Магистерлік жобаны орындау мақсаты және негізгі міндеттері	5
3 Магистерлік жобаның тақырыбын таңдау	5
4 Магистерлік жобаны орындау кезеңдері	6
5 Магистерлік жобаның құрылымы	6
6 Магистерлік жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар	10
7 Магистерлік жобаны қорғаутәртібі	16
8 Қосымшалар	19
9. Магистерлік жобаны қорғауға қажетті құжаттар тізімі	26

## **1 Магистерлік жобаны дайындау, жазу және қорғау бойынша жалпы ережелер**

Магистерлік жоба «магистр» академиялық дәрежесін алу мақсатындағы магистранттың кәсіби біліктілік деңгейі мен оның ғылыми таным әдістемесін меңгеру дәрежесін анықтайды және сәйкес мамандық (специализация) бойынша алған білімі, дағдылары мен құзіретінің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары талаптарына сәйкестігін көрсетеді. Ол магистранттың таңдаған мамандық облысында терең білімі барын, зерттеу жұмыстарын өз бетімен жүргізу дағдыларының жеткіліктілігін және әдеби, ресми, статистикалық, алғашқы мәліметтерді ғылыми тұрғыда қорытындылай алуы мен жалпы мемлекеттік мүддені ескере отырып зерттелетін мәселені шешуге бағытталған өз қорытындыларын, ұсыныстарын ғылыми-әдістемелік негіздей алуынан куәландырады..

Магистерлік жобаны дайындау және жазу барысында автор келесі қағидаларды басшылыққа алуы керек:

- зерттелетін мәселенің өзектілігін ғылыми негіздеу;
- зерттелетін мәселені таңдауды ынталандыру;
- орындалған жұмыстың тәжірибелі маңыздылығын дәлелдеу;
- зерттеуде қойылған мақсат пен міндеттерді ғылыми әдістерді қолдана отырып сәйкес зерттеу объектісінде шешу;

Аяқталған магистерлік жобаның жалпы мазмұны келесі талаптарға жауап беруі керек:

-зерттеу жұмыстарынан алынған қорытындылар маңызды тәжірибелік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;

-зерттеу жұмыстарынан алынған қорытындылар мемлекеттің банктік жүйесінің және қаржы-экономикасының перспективалық бағыт-бағдарын анықтауда және дамытуда маңызды рөл атқарады.

Магистерлік жоба бойынша алынған нәтижелер келесі деңгейлерде енгізілуі тиіс:

- халықаралық (лицензия сатылымы, халықаралық гранттың сатылып алынуы);
- саларалық;
- сала көлемінде;
- ұйым шеңберінде.

Магистерлік жобаның қорғауға шығарылатын негізгі нәтижелері кем дегенде бір басылымда немесе ғылыми тәжірибелік конференцияларда көрініс табуы қажет. Кәсіби бағыттағы магистранттар үшін – 1 ғылыми мақала. Басылымға аймақтық, республикалық, халықаралық конференциялардың, симпозиум, жиналысқа жасалған көлемі 0,3 баспа беттен кем болмайтын тезис, жалпы ақпараттық баяндама, талдау баяндамасы, ақпараттық бетер теңесуі мүмкін.

## **2 Магистерлік жобаны орындаудың мақсаты және негізгі міндеттері**

Магистерлік жобаның негізгі мақсаты магистранттың тәжірибеде қолдану, өзекті міндеттерді шешуге бағытталған зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу қабілетін анықтау, сонымен қатар оның қаржылық-банктік маңызды мәселелерді дамытуға бағытталған ғылыми-тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу мүмкіндіктері.

Осы мақсатқа жету жолында төмендегі принципалдық сипаттағы міндеттер шешілуі керек:

- таңдалған тақырып бойынша әдеби көздерді зерттеп, ғылыми қорытындылау;

- зерттеліп отырған мәселе бойынша динамиканы, құрылымдық өзгерістерді сипаттайтын нақты, статистикалық және алғашқы материалдарды жинау, өңдеу, талдау, синтездеу;

- зерттеліп отырған объектінің даму болашағының тиімділігін бағалау және болжау үшін экономика-математикалық, статистикалық әдістерді қолдану мүмкіндіктері мен тәсілдерін анықтау;

- магистерлік жоба тақырыбын таңдауға негізгі себеп болған мәселені ұтымды шешуге мүмкіндік беретін ұсыныстар, ұйғарымдар мен қорытындыларды ғылыми дәлелдеу.

### **3 Магистерлік жобаның тақырыбын таңдау**

Магистерлік жобаның тақырыбы оқуға түскеннен кейін бекітіледі. Ол көбінесе сәйкес мамандық кафедраларының ұсынған тақырыптары тізімінен таңдалады. Магистрантқа алдағы уақытта сол бағытта зерттеу жүргізудің өзектілігін, мақсатқа сәйкестігін негіздейтін болса, өз тақырыбын ұсыну құқығы беріледі және алдағы уақытта кафедра мәжілісінде бекітіледі. Магистерлік жоба тақырыбын таңдауда ғылыми мамандықты, мәселенің өзектілігін, ғылыми зерттелу дәрежесін және магистранттың алдыға қойған міндеттерді орындау мүмкіндігіне байланысты жеке мүддесін ескеру керек. Сонымен қатар, магистранттың әдебиет көздерімен алдын-ала танысуы және бітіртуші кафедра оқытушыларымен тікелей әңгімелесуі де тақырыпты дұрыс таңдауға ықпал ететінін ескеру керек..

Магистерлік жоба тақырыбын таңдағаннан кейін магистрант кафедра меңгерушісінің атына оны орындауға рұқсат беруін өтініп өтініш жазады (қосымша А). Өндірістік тәжірибе орнын және магистранттардың өтінішін ескере отырып кафедра магистранттардың тақырыбын және ғылыми жетекшілерін тағайындау туралы қорытынды шешім қабылдап, академия бойынша бұйрықпен бекітуге ұсынады.

Негіздемесі мен құрылымы бар магистерлік жоба тақырыбы, жобаны аяқтау мерзімі көрсетілген магистерлік жобаны орындау жоспары, ғылыми жарияланымдар, стажировкалар (қажет болғанда) жоспары магистранттың жеке жұмыс жоспарында көрсетіледі. Магистерлік жобаны жазу барысында оның жоспары магистранттың немесе ғылыми жетекшінің ынтасымен нақтылануы мүмкін.

Магистерлік жоба ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады, ол магистрантқа ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді, дәлірек айтқанда:

- магистрлік жобаның жұмыс жоспарын өңдеуде, зерттеу әдісінде, әдіснамасында, тақырып таңдауында атсалысады;

- кітапнама, әдебиеттер, статистикалық және басқа да көздер және магистрлік жобаның мазмұны бойынша кеңес беруді өткізеді;

- жобаны жазу бойынша келісілген жоспар-кестенің орындалуына және ғылыми әдебиеттерді, статистикалық және есептік мәліметтерді орынды пайдалануды бақылайды;

- орындалған жобаны бөлімдермен және толық зерттейді және бағалайды;

- магистрлік жоба аяқталғаннан кейін, оның ұсынылған талаптарға сай екенін және көпшілік алдындағы қорғауға дайындығы туралы соңғы шешімді шығарады.

Қажет жағдайда магистрантқа ұқсас ғылым бойынша ғылыми кеңесші тағайындалуы мүмкін. Ғылыми консультанттың ғылыми дәрежесі немесе PhD докторы академиялық дәрежесі болуы қажет және белсенді түрде қаржы саласында зерттеумен айналысуға болады.

## **4 Магистрлік жобаны орындау кезеңдері**

Магистрлік жұмысты орындау келесі негізгі этаптардан құралады:

1. Магистрлік жұмыстың тақырыбын таңдау
2. Ғылыми жетекшіні бекіту;
3. Жобаның жоспарын құру;
4. Әдебиет таңдау және танысу;
5. Нақты материал жинау және өңдеу;
6. Жобаны дайындау және орындау;
7. Зерттеу нәтижелерін жариялау;
8. Магистерлік жобаны қорғау.

## **5 Магистерлік жобаның құрылымы**

Магистерлік жобаның көлемі 80 бетке дейін болуы қажет, қосымшалар магистрлік жобаның бет санына кірмейді.

### **5.1 Жобаның құрылымы:**

Жобаның құрылымдық элементтері мыналар:

- титулдық парақ;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар;
- белгілеулер мен қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- қолданылған әдебиеттер тізімі;
- қосымшалар.

### **5.2 Титулдық парақ**

Магистерлік жобаның бірінші беті, құжатты өңдеу және іздеуге қажет ақпарат көзі болып табылады.

Титулдық парақта келесі мәліметтер беріледі:

- жоба орындалған ұйымның атауы;
- магистранттың аты-жөні, тегі;
- жұмыстың атауы;
- мамандықтың коды және атауы (жоғары білім беруден кейінгі мамандықтар Классификаторы бойынша);
- ізделетін академиялық дәреже;
- ғылыми жетекшінің тегі, инициалдары, ғылыми/академиялық дәрежесі және атағы (ғылыми кеңесші болғанда);
- жоба орындалған жер және аяқталған жыл.

Титулдық парақ жобаның жалпы нөмірленуіне қосылады, бірақ онда парақтың нөмірі қойылмайды.

Титулдық парақ бейіндік бағыттағы магистранттар арқылы Б қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Титулдық бетте магистранттың өз қолы қара қаламмен немесе тушпен қойылуы тиіс.

### **5.3 Магистерлік жобаның мазмұны**

Магистерлік жобаның мазмұныкіріспе, реттік нөмір және барлық бөлімдердің, бөлімшелердің, пункттердің (егер олардың атауы болса) атаулары, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі және қосымшалардың атаулары мен олар келтірілген парақтар нөмірін қамтиды.

**5.4."Нормативтік сілтемелер"** деп аталатын құрылымдық элементке магистерлік жоба мәтінінде сілтеме жасалған стандарттар тізімі жатады. Сілтемелік стандарттар тізімін мынадай сөздерден бастайды: "Бұл жобада келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған". Тізімге стандарттардың белгіленуін және олардың атауларын белгілеулердің тіркелу нөмірінің жоғарылауы тәртібінде енгізеді.

**5.5"Анықтамалар"** құрылымдық элементі магистерлік жобада қолданылған анықтамалар, қажет нақтылаулар немесе экономикалық терминдердің бекітілімдерінен тұрады. Анықтамалар тізімін мына сөздерден бастайды: "Бұл жобада келесі терминдер сәйкес анықтамаларымен қолданылған".

**5.6."Белгілеулер мен қысқартулар"** құрылымдық элементі магистерлік жобада пайдаланылған белгілеулер мен қысқартулардың тізімінен тұрады. Белгілеулер мен қысқартулар магистерлік жоба мәтінінде қолданылу тәртібінде немесе алфавиттік тәртіпте қажет түсініктемелерімен көрсетіледі. Анықтамалар, белгілеулер және қысқартуларды "Анықтамалар, белгілеулер және қысқартулар" деп аталатын бір құрылымдық элементте келтіруге жол беріледі.

**5.7.Кіріспе** ғылыми сипаттағы шешілетін ғылыми мәселелердің қазіргі жағдайын бағалауды қамтиды. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, жаңашылдығы, бұл жұмыстың басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысы, сонымен қатар, мақсаттар, міндеттер, зерттеу объектісі және пәні, олардың ғылыми-зерттеу жұмысындағы орны, әдістемелік базасы, қорғауға шығарылатын негізгі ұйғарымдар көрсетіледі.

Магистерлік жобаның **мақсатын** негіздей отырып, автор бір сөйлем шеңберінде таңдалған тақырып бойынша бүкіл зерттеу жұмысы бағытталатын мақсаттық қойылымды ашуы керек. Оған сәттілікпен қол жеткізу үшін зерттеу сұрақтары шеңберін ескере отырып жұмысты әзірлеу және орындау барысында автордың алдында тұрған бірнеше нақты **міндеттер** анықталуы қажет. Бұл жерде осы міндеттердің мазмұны, тізімі және орындалуы магистерлік жобаның құрылымына, сәйкес тараулардың атауына тікелей әсер ететінін ескеру керек.

Магистерлік зерттеудің **пәні** таңдалып алынған тақырыппен анықталуы тиіс және нақты бір шаруашылық жүргізуші субъектінің, институционалдық, корпоративтік және бюджеттік-банктік құрылым немесе аймақтық-салалық басқару органдарының әлеуеттік-өндірістік, ұйымдық-басқару, даму-инвестициялық қызметін көрсететін автордың зерттеу объектісінің даму перспективасын сипаттайдыжәне шаруашылық-экономикалық қатынастарды оқып білуге деген көзқарасын білдіреді.

Тақырып бойынша қолданылатын зерттеу әдістері мен **әдістемелік негіздерді** барынша қысқаша баяндау талап етіледі. Бұл жерде таңдап алған көрсеткіштер шеңберін негіздеу бойынша және/немесе жұмысты логикалық аяқтау, қорытынды, ұсыныстар, ұйғарымдар жасау үшін, қажет есептеулер жүргізу үшін автор қолданған әдістерді ғана атау аса маңызды.

Бұл ұсыныстар мен ұйғарымдар белгілі бір **ғылыми жаңалығымен** ерекшеленуі керек және экономиканың тәжірибелік аспектілерінің мұқтаждықтарын көрсетуі қажет, ал қорытындылар экономиканың алғашқы буыны деңгейінде және жалпы мемлекеттік, салалық, аймақтық, әкімшілік-территориялық сипаттағы ұсынылған шаралардың

жаңашылығын негіздеу үшін іс-шаралар базасы болып табылады. Жүргізілген зерттеудің негізгі ұйғарымдары магистрантқа оның тақырыпты таңдауында басты себеп болған өзекті мәселені теориялық жағынанан ашып және тәжірибелік шешуде өз үлесін қомақты көрсетуге мүмкіндік беретін болғаны құптарлық болар еді.

Жұмыстың **практикалық маңыздылығы және апробациясы** оның авторы тарапынан төменде берілген үш шараның біреуін немесе бірнешеуін жүзеге асыруы арқылы анықталуы мүмкін:

- орындалған жұмыстың нәтижелерін зерттеу объектісінде енгізу және одан растайтын құжат алу;
- зерттеу нәтижелерін ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, тақырыптық «дөңгелек үстелдерде» және т.б. талқылау;
- жоба мазмұны шеңберінде кем дегенде 1-2 мақала жариялау.

### **5.8. Негізгі бөлім**

Магистерлік жобаның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың мәнін, әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер келтіріледі. Магистерлік жобаның негізгі бөлімі келесілерді қамтиды:

– зерттеу бағытының негіздемесі келтірілген зерттеу бағытын таңдау, міндеттерді шешу әдістері және олардың салыстырмалы бағалауы, ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізудің таңдап алынған жалпы әдістемесінің сипаттамасы;

– теориялық зерттеу мазмұны мен сипатын, зерттеу әдістерін, есептеу әдістерін, эксперименталдық жұмыстар жүргізудің қажеттілігін негіздеуді, әзірленген объектілер әрекеті қағидалары мен сипаттамаларын анықтауды қамтитын теориялық және (немесе) эксперименталдық зерттеу үдерісі;

– қойылған міндеттердің толық шешілуі және жұмыстың алдағы бағыттары бойынша ұсыныстарды бағалау және қорытындылауды, алынған нәтижелердің шынайылығын бағалау мен отандық және шетелдік жұмыстардың сондай нәтижелерімен салыстыруды қамтиды.

Магистерлік жобаның негізгі бөлімі бөлімдерден және бөлімшелерден тұрады. Жұмысты үш бөлімнен және оның әрқайсысы бөлімшелерден тұратындай етіп құруға кеңес беріледі.

Жұмыстың **бірінші тарауы** ғылыми әдебиеттер мен ресми материалдарды сыни талдау негізінде зерттеліп отырған тақырыптың ғылыми-теориялық және әдістемелік сұрақтарын ашуға арналып, сонымен қатар тек біздің республикамыз ғана емес, шетелдік экономиканың даму жағдайлары бойынша әр түрлі көзқарастардың талқылануын жалпыландыруды қамтиды. Бұл көзқарастарды салыстырмалы талдау магистерлік жоба авторының теориялық дайындық деңгейі, экономикалық ойлауының кендігі және жалпы білімділігі туралы куәландырады. Бұл деңгей көп жағдайда автордың өз ойларын қаншалықты ғылыми негіздей алғандығымен және экономикалық категориялар мен түсініктерге жаңа позицияда анықтама беруімен анықталады. Магистерлік жоба авторы зерттеліп отырған мәселеге өз көзқарастарын жоспарлық-нақты, әдеби-статистикалық және болжамдық-есептік материалдарды терең зерттеу нәтижелерімен растауға ұмтылуы керек.

Талдаудың негізгі нәтижелерін баяндауға жұмыстың **екінші тарауы** арналады, бұл жерде негізгі басымдық зерттеу объектісінің даму үдерісін сипаттайтын көрсеткіштер өзгерістерінің жалпы заңдылықтарын анықтауға, сонымен қатар, сол объектінің тиімді дамуын қамтамасыз етудің әкімшілік-басқарушылық, ұйымдық-құқықтық және шаруашылық-экономикалық механизмдерін қолданудағы кемшіліктер мен жағымсыз тұстарды анықтауға жұмсалады. Жалпы, екінші тарауда жұмыс орындалып отырған фирмалар мен компаниялар қызметі талданады және соңғы жылдардағы экономикалық



көрсеткіштерге терең талдау жүргізіледі. Компанияның алғашқы мәліметтерін жүйелендіріп, экономика-математикалық әдістер көмегімен мұқият өңдеу керек. Ол кесте, графиктер, диаграммалар, сызбалар арқылы қорытылып, сандар және фактілер зерттеліп отырған объектінің нақты жағдайы туралы дұрыс және объективті көрініс беруі қажет. Зерттеу объектісі ретінде тауарлар мен қызметтер рыноктары (мысалы, дербес компьютерлер рыногы) алынуы мүмкін. Бұл кезде фактілер ғана көрсетіліп қоймай, сонымен бірге даму беталыстары анықталып, кемшіліктер мен себептер ашылып, оларды жою жолдары белгіленеді. Ұсынылатын іс-шаралардың тереңдігі мен негізделгендігі екінші тараудың толық және сапалы жазылуына байланысты. Аталған тарауды жазу кезінде магистрант нақты материалдарды терең талдай алатындығын және алған жаңа білімін пайдалана білетіндішіг көрсете алуы тиіс және алғын тұжырымдар мен нәтижелерді негіздеу мен оған аргументтер келтіре алуы тиіс.

Көрсетілген кемшіліктерді жою және сол механизмдерді тиімді пайдалану жағдайларын жетілдірудің негізгі жолдары мен тәсілдерін ғылыми-әдістемелік негіздеу магистерлік жобаның **үшінші тарауының** негізгі мазмұнын құрайды. Оның негізгі мазмұнын аша отырып, автор тақырып ретінде тандап алынған тәжірибелік сипаттағы мәселелер мен міндеттерді ғылыми-ұйымдастырушылық тұрғыда шешуге бағытталған ұсыныстар, ұйғарымдар және қорытындылар қалыптастыруға бағдарлануы керек.

Аталған тараудың ерекшелігі сонда, онда магистерлік жобада көрініс тапқан автордық ұсыныстары мен тұжырымдарының практикалық тұрғыда пайдаланылуы және пайдаланудың шынайылығын білдіретіндігінде.

### **5.9.Қорытынды**

Қорытынды магистрдің ғылыми зерттеу кезінде алынған теориялық немесе практикалық тұрғыдағы нәтижелерді қамтуы тиіс. Негізгі тұжырымдар әр тараудың соңында келтіріледі, дегенмен маңызды деген тұжырымдар мен нәтижелер қорытындыда топтастырлуы тиіс.

Қорытынды келесілерді қамтуы керек:

- магистранттың зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар;
- қойылған міндеттердің толық шешілуін бағалау;
- нәтижелерді нақты қолдану бойынша мәліметтер және ұсыныстар әзірлеу;
- енгізудің тиімділігін технико-экономикалық бағалау;
- орындалған жұмыстың ғылыми деңгейін сол облыстағы ең жақсы жетістіктермен салыстырғандағы бағалау.

**5.10.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі** магистерлік жобаны жазу барысында қолданылған көздер туралы мәлімет беріп, арап сандарымен нүктесіз нөмірленеді.

Әдебиеттер тізімі Д қосымшасына сәйкес рәсімделуі керек.

**5.11.Қосымшада** орындалған магистерлік жобамен байланысты, бірақ қандай-да бір себептерге байланысты негізгі бөлімге енгізілмеген материалдарды көрсету ұсынылады.

Осылайша, магистерлік жоба келесі талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Таңдап алынған тақырыптың теориялық және практикалық тұрғыдан өзекті болуы;
- Оның өңделу деңгейінің арнаулы ғылыми әдебиеттерде және оның практикалық шешімін табуы;
- Зерттеу объектісіндегі болып жатқан мәселелердің талдануы;
- Зерттеліп отырған объектінің мәселелерін талдау;
- Нақты мәселелердің зерттеу нәтижесі мен негізгі тұжырымдардың негізделуі мен аргументтелуі;

- Зерттеліп отырған мәселені шешуге бағытталған ұсыныстар мен тұжырымдардың қалыптастырылуы.

## **6 Магистерлік жобаны рәсімдеуге қойылатын талаптар**

### **6.1 Жалпы талаптар**

Магистерлік жоба бір интервал арқылы компьютерде, А4 форматындағы ақ қағаздың бір жағында принтерді қолдану арқылы басылып орындалады. «Times New Roman» шрифті, 14 кегль. Магистерлік жоба мәтінін келесі парақ мөлшерлерін сақтай отырып теру керек: сол жағы – 30 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, оң жағы – 10 мм, төменгі жағы – 20 мм.

Белгілі бір терминдерге, формулаларға көңіл аудартудың компьютерлік мүмкіндіктерін, әр түрлі гарнитура шрифтерін қолдануға рұқсат етіледі.

терілген мәтіннің сапасы және кестелер, суреттер жобаны орындау тәсілінен тәуелсіз анық көріну талаптарын қанағаттандыруы қажет.

Магистерлік жобаны орындауда біркелкі тығыздылық, қарама-қарсыластық және суреттердің анықтылығын сақтау қажет. Жобада сызықтар, әріптер, сандар және белгілер жайылмай, нақты болуы керек.

Магистерлік жобаны дайындау үдерісінде анықталған кателер, графиктік дәл келмеулерді ақ бояумен бояу, өшіру арқылы түзету жасауға, мәтіннің (графиктің) дәл сол жерінде машина арқылы теру тәсілімен немесе қара сиямен түзетілген мәтінді (графикті) жазуға жол беріледі.

Мәтіндік парақтағы бұлінулер, былғанулар немесе толық жойылмаған алдыңғы мәтіннің (графиктің) іздеріне жол берілмейді.

Магистерлік жобада аты-жөндер, ұйымдар, кәсіпорындар, басылымдардың атаулары, және басқа да өзіндік атаулар түпнұсқа тілінде беріледі.

Атауларды қысқартуға және ұйымдар атауларын алғашқы рет айтуда түпнұсқадағы атауын қоса келтіріп жоба жазылып отырған тілге аударуға рұқсат етіледі.

### **6.2 Жоба құрамы**

«Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгілеулер мен қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі», сонымен қатар тараулар және бөлімшелер сияқты магистерлік жобаның құрылымдық элементтері құрылымдық элементтердің тақырыбы болып табылады. Оларды парақтың жоғарғы бөлігінде жолдың басынан соңынан нүкте қоймай жазбаша әріптермен, қою шрифтпен жазу керек астын сызуға болмайды.

Магистерлік жобаның негізгі бөлімін тараулар мен бөлімшелерге бөлу керек. Тараулар мен бөлімшелердің атаулары болады. Атаулар тараулар мен бөлімшелердің мазмұнын көрсетуі керек.

Тараулар мен бөлімшелердің атаулары азат жолдан жазбаша әріптермен, соңынан нүкте қоймай, астын сызбай жазу керек. Егер тақырып екі сөйлемнен тұратын болса, онда оларды нүктемен бөледі.

Жобаның әрбір тарауы жаңа беттен басталып жазылады. Тарау және параграф мәтіннен бір жол түсіріліп бөліп ( бір Enter) жазылады. Бір тараудың ішіндегі параграфтар астынан және үстінен бір интервалмен бөлінеді.

Тараулар мен параграфтардың атауы жолдың басынан соңынан нүкте қоймай жазбаша әріптермен, жақшаға алынбай жазылады.

Мысал:

## **1 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### **1.1 Қаржы жүйесінің түсінігі**

#### **Параграф мәтіні**

## 1.2 Қаржы жүйесінің атқаратын қызметтері

### 6.3. Жоба беттерінің нөмірленуі

Магистерлік жоба беттерін араб сандарымен бүкіл жоба мәтіні бойынша ретін сақтай отырып нөмірлейді. Беттің нөмірін парақтың төменгі бөлігінің ортасына соңынан нүкте қоймай белгілейді.

Титулдық парақты беттердің жалпы нөмірленуіне қосады, бірақ титулдық парақта нөмір қойылмайды.

Бөлек бетке сызылған кестелер мен сызбалар жобаның жалпы нөмірленуіне кіргізіледі.

### 6.4 Бөлімдер, тараулар мен бөлімшелердің нөмірленуі

Жоба тарауларының бүкіл жұмыс барысында араб сандарымен белгіленген азат жолдан жазылған, соңында нүкте қойылмаған реттік нөмірі болуы керек. Бөлімшелердің әр тарау шегіндегі нөмірлері болуы керек. Бөлімшенің нөмірі нүктемен бөлінген тараудың және бөлімшенің нөмірлерінен тұрады. Бөлімше нөмірінің соңынан нүкте қойылмайды. Тараулар да бөлімшелер сияқты бір немесе бірнеше пункттерден тұруы мүмкін.

*Мысал*

*1 Типтері және негізгі көлемдері*

*1.1*

*1.2 > Жобаның бірінші бөлімінің пункттерінің нөмірленуі*

*1.3*

*2 Техникалық талабы*

*2.1*

*2.2 > Жобаның екінші бөлімінің пункттерінің нөмірленуі*

*2.3*

Егер жоба қосалқы тараулардан тұратын болса, онда пункттердің нөмірленуі қосалқы тараулардың шегінде нөмірленуі тиіс және ол тараудың, қосалқы тараудың, параграфтың және пункттің нүкте арқылы бөлінген нөмірлерінен тұруы тиіс., мысалы:

*3 Зерттеу әдісі*

*3.1 Аппараттар, материалдар және реактивтер*

*3.1.1*

*3.1.2 > Жобаның үшінші тарауының бірінші қосалқы тарауының пунктінің нөмірі*

*3.1.3*

*3.2 Тәжірибеге дайындалу*

*3.2.1*

*3.2.2 > Жобаның үшінші тарауының екінші қосалқы тарауының пунктінің нөмірі*

*3.2.3*

Пункттер қажет болған жағдайда қосалқы пункттерге бөлінуі мүмкін және ол пункт шегіндегі нөмірлермен нөмірленуі тиіс, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.

Пункттер және қосалқы пункттерішінде тағы да бөлінуі мүмкін.

Әр бөлінудің алдында сызықша қою қажет немесе қажет болған жағдайда жұмыстың мәтінінде кіші әріптерге сілтеме жасалған кезде оның соңына жақша қойылады (з, и, о, ч, ь, ы, ы әріптерінен басқа).

Бөлінуді әрі қарай жүзеге асырған кезде соңына жақша қойылатын арап сандарын пайдалану қажет, ал жазба жаңа жолдан басталады, оны төмендегі мысалдан көруге болады:

*мысал*

а) \_\_\_\_\_

б) \_\_\_\_\_

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

в) \_\_\_\_\_

Жобаның әрбір құрылымдық элементін жаңа беттен бастау қажет. Магистерлік жоба және оның құрамына кіретін қосымшаларды нөмірлеу бірінен кейін бірі жүруі керек.

### **6.5 Суреттер**

**Суреттер** (чертеждер, графиктер, сызбалар, диаграммалар, фотосуреттер және т.б.) тікелей ол туралы бірінші рет айтылған мәтіннен кейін немесе келесі бетте сілтеме жасай отырып орналастырылуы керек.

Суреттер компьютер арқылы жасалуы мүмкін, соның ішінде түрлі түсті қолдану арқылы. Барлық суреттерге жобада сілтеме жасалуы керек.

Магистерлік жобада орналастырылған барлық чертеждер, графиктер, сызбалар, диаграммалар конструкторлық құжаттардың Бірыңғай жүйесі (КҚБЖ) мемлекеттік стандарттарының талаптарына сәйкес келуі керек. А4 форматы мөлшерінен кіші фотосуреттер стандартты ақ қағаз беттеріне жапсырылуы керек.

Қосымшадағыдан басқа суреттерді араб сандарымен бірінен кейін бірін ретімен нөмірлеу керек. Суреттердің жолдың ортасына сызықша (тире) арқылы жазылған атауы болуы қажет

Қажет болғанда суреттердің түсініктеме мәліметтері беріледі (суреттің астындағы мәтін).

Барлық суреттерге сілтеме болуы керек, суреттерге сілтеме жасауда «1-суретке сәйкес» деп жазу керек.

Егер сурет біреу болса, онда ол «Сурет 1» деп белгіленеді, «Сурет» сөзін және оның атауын жолдың ортасына орналастырады.

Керек болған жағдайда суреттемелерде атаулары мен түсініктеме мәліметтері болуы мүмкін.(сурет астындағы мәтін). «Сурет» сөзін және оның атауын түсініктеме мәліметтерден кейін қояды.

Әрбір қосымшаның суреттемелерін араб сандарының алдына қосымша деп белгілеп бөлек нөмірлерлейді. Мысалы: Сурет А.2

Суреттемелер В қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Суреттемелерге сілтеме кезінде өтпелі нөмірлеу кезінде «... 2-ші суретке сәйкес» деп жазу керек.

### **6.6.Кестелер**

**Кестелерді** көрсеткіштерді салыстыру ыңғайлылығы және көрнекілік үшін қолданады. Кестенің атауы оның мазмұнын көрсетуі керек, нақты және қысқа болып кестенің үстінде азат жолсыз нөмірімен бір жолда сызықша арқылы жазылады. Кестенің бөлігін келесі бетке тасымалдауда бірінші беттегі төменгі көлденең сызықты жаппайды, келесі беттің сол жағында «Жалғасы» деп кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы, «1-кестенің жалғасы».

Жобада кестені ол туралы бірінші рет айтылған мәтіннен кейін орналастырады, немесе келесі бетте орналастырады. Барлық кестелерге жобада сілтеме болуы керек. Сілтемеде «кесте» деп нөмірін көрсету керек. Қосымша кестелерінен басқа кестелердің барлығы араб сандарымен бірінен кейін бірі нөмірленеді.


Кестелерді сол, оң және төменгі жағынан сызықтармен шектейді. Кестеде мәтін шрифтынан кіші шрифті қолдануға жол беріледі (12). Кестенің жолдарын бөліп тұратын көлденең және тік сызықтардың болмауы кестені қолдануды қиындатпайтын болса, оларды жүргізбеуге жол беріледі.

Кестені рәсімдеу мысалы:

Кесте \_\_\_\_\_ - \_\_\_\_\_

нөмір

кестенің аталуы



Сурет 1

Кестенің төменгі сызығы мен мәтін арасындағы ара қашықтық 2 «бос» жол болуы керек.

Кестені рәсімдеу неғұрлым толық 2.105. Мемлекеттік стандартта сипатталған.

### 6.7. Ескертулер

**Ескертулерді** жазбаша әріптермен азат жолдан арасын ашып астын сызбай жазу керек. Ескертулерді жобада нақтылау немесе мәтін, кесте, графикалық материалдарға анықтамалық мәліметтер қажет болғанда келтіреді. Ескертулерді тікелей мәтіннен, графикалық материалдан кейін немесе кестеде орналастырады. Егер ескерту біреу болса, онда «Ескерту» деген сөзден кейін сызықша қояды да ескертуді жазба әріптермен жазады. Бір ескертуді нөмірлемейді. Бірнеше ескертуді ретімен араб сандарымен нүкте қоймай нөмірлейді. Кестеге ескертуді кестенің соңынан кестенің аяқталғанын білдіретін сызықтың үстіне орналастырады.

*Мысал*

Ескерту-жол астындағы белгілерді басып шағырмау қажет

